

Психологиялық қызметтің

2022-2023 оқу

жылындағы есебі

Психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылындағы есебі

2022-2023 оқу жылында Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебінде мұғалімдер саны - 31, оқушылар саны - 219

Мақсаты: мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету ;

Міндеттері:

-білім алушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру;

-оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға психологиялық консультациялық көмек көрсету;

-білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Жалпы жылдық жоспар 5 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

I. Психологиялық диагностика жұмысы

Мектепалды даярлық тобымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Даярлық тобында 16 бала бар. Психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік жағынан дайындығы зерттелді.

№	Деңгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	7	47 %
3	Орта	6	40%
4	Төмен	2	13%

Биылғы 2022-2023 оқу жылында 1-сыныпқа 20 бала қабылданды. Баланың мектепке бейімделу барысы зерттелді. Оқушылардың танымдық қабілеті, ой-қиялын, мектепке деген көзқарасын, білімге деген талпынысын зерттеу барысы зерттелді, мынадай нәтиже көрсетті.

№	Деңгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	6	30 %
2	Ортадан жоғары	7	35 %
3	Орта	5	25 %
4	Төмен	2	10 %
5	Барлығы	20	100%

Жоғарыдағы мақсаттарды орындау барысында және «Бестерек» жобасын іске асыру мақсатында жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар:

5-11 сынып аралығындағы 1-жартыжылдықта 132 оқушыдан, 2-жартыжылдықта 133 оқушыдан Үй.Ағаш.Адам әдістемесі, 5-6 сынып оқушыларынан «Менің отбасым!», 7-8 сынып оқушыларынан «Менің жан досым!» және 9-11 сынып оқушыларынан «Менің арманым!» атты тақырыптарда эссе алынды.

**«Бестерек» жобасы бойынша «Тәуекел» тобындағы
оқушылар туралы мәлімет**

№	5-11 сынып Оқушы лар саны	Әлеу меттік саны	Мектеп инспекто ры		Ме д би ке	Сы нып же тек ші	Далалық зерттеу			Бағдаршам			Тәуе кел
			Ата ана	Оқу шы			эссе	са уал нам а	ДДЧ	жасыл	са ры	қызыл	
1 жа рт.	132	25	-	-	20	3	16	39	59	49	25	5	78
2 жа рт.	133	25	-	-	15	3	12	15	25	23	12	3	38

Қорытынды нәтижесінде анықталған 78 оқушыдан қосымша зерттеу әдістері «Аяқталмаған сөйлемдер», «Мен кімін?» әдістемелері алынды.

Қыркүйек айында 2-4 сынып аралығындағы оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау мақсатында бірнеше әдістемелер алынды.

№	Диагностика түрі	2-сынып	%	3-сынып	%	4-сынып	%
1	Интеллекті нің даму деңгейі	жоғары		жоғары		жоғары	
		4	29	6	30	7	35
		орта		орта		орта	
		8	57	10	50	9	45
		төмен		төмен		төмен	
		2	14	4	20	4	20
2	Зейін функциясының дамуы	жоғары		жоғары		жоғары	
		5	36	8	40	9	45
		орта		орта		орта	
		7	50	9	45	9	45

		төмен 2	14	Төмен 3	15	төмен 2	10
3	Қабылдау деңгейін анықтау	жоғары 8	57	жоғары 10	50	жоғары 10	50
		орта 5	36	орта 8	40	орта 8	40
		төмен 1	7	төмен 2	10	төмен 2	10

Қыркүйек айында 5-11 сынып аралығындағы 131 оқушыдан оқушылардың ақпаратты қабылдаудың қай типіне жататындығын анықтау мақсатында «Ақпаратты қабылдау типі» әдістемесі алынды. Нәтижесі төмендегідей:

№	Ақпаратты қабылдау типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
1	Көру арқылы қабылдау(визуал)	64	49%
2	Сипап сезу арқылы қабылдау (кинестетик)	28	21%
3	Есту арқылы қабылдау (аудиал)	39	30%

Қазан айында 5-11 сынып аралығындағы 131 оқушыдан оқушылардың өзара қарым-қатынасын ,оқушылардың сыныптағы статусын анықтау мақсатында «Социометрия » әдістемесі алынды.

№	Топтар	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
1	Лидер	17	13 %
2	Белсенділер	24	18 %
3	Оқшауланғандар	17	13%
4	Қалаулылар	73	56%

5-11 сынып аралығындағы 131 оқушыдан олардың темперамент типін анықтау мақсатында «Темпераментті зерттеу» әдістемесі алынды.

№	Темперамент типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
1	Сангвиник	34	26 %
2	Холерик	29	22 %
3	Флегматик	52	40%
4	Меланхолик	16	12 %

Оқушылардың мамандыққа икемділігін зерттеу барысында 9-сыныптан Голланд сауалнамасы алынды. Мақсаты: кәсіби-тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау. Қатысқаны - 22 оқушы, нәтижесінде:

№	Кәсіби тұлғалық типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Реалистік тип (техник, инженер, агроном, жүргізуші)	4	18 %
2	Интеллектуалдық тип(физика, математика ғылымы)	3	14 %
3	Әлеуметтік тип(дәрігер, мұғалім, кеңесші)	4	18 %
4	Конвенциалды тип (бухгалтер, экономист)	5	23%
5	Тапқыр тип (менгеруші, директор, сатушы, журналист)	4	18%
6	Артистік тип (музыка, сурет өнері, әдеби шығармалар)	2	9%

11 сынып

№	Кәсіби тұлғалық типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Реалистік тип (техник, инженер, агроном, жүргізуші)	2	20%
2	Интеллектуалдық тип(физика, математика ғылымы)	1	10%
3	Әлеуметтік тип(дәрігер, мұғалім, кеңесші)	3	30 %
4	Конвенциалды тип (бухгалтер, экономист)	1	10%
5	Тапқыр тип (менгеруші, директор, сатушы, журналист)	2	20%
6	Артистік тип (музыка, сурет өнері, әдеби шығармалар)	1	10%

2-4 сынып оқушыларынан «Отбасы суреті» проективті әдістемесі алынды. Қараша айында «Пәнге көзқарас» әдістемесі 5-11 сынып аралығындағы оқушылардан олардың пәндерге деген қызығушылығын анықтау мақсатында алынды.

Дәл осы сыныптардан «Зорлық-зомбылық туралы не ойлаймын?» атты сауалнамасы алынды. Бұл сауалнаманың мақсаты оқушылар арасында буллингтің және кибербуллингтің алдын алу, әлімжеттіктің бар-жоғын анықтау және ата-аналардың өз балаларына деген қарым-қатынас деңгейін анықтау. Сауалнама нәтижесі қалыпты.

II. Түзету-дамытушылық бағыт бойынша екінші тоқсанда 1-сынып оқушыларымен «Кел, балалар, танысайық!», «Дос және достық» деген тренинг өткізілді. 5-сынып оқушыларымен орта буынға көшу кезіндегі оқушыларда беймазальлық сезімдеріне жол бермеу мақсатында, «Мен және біз», «5-сынып дегеніміз не?» атты психологиялық сабақ өткізілді.

10-11 сынып оқушыларымен «Мен және өмірдегі жаңа жағдай», 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау» тренингі, 11-сынып оқушыларымен «Ішкі күшті ояту» тренингтері өткізілді.


8-сынып оқушыларымен сыныпта жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Біз біргеміз!» атты тренингі өткізілді.


5-7 сынып оқушыларымен «Өмір, сен қымбатсың маған» атты тренингтері өткізілді. Сәуір айында 11-сынып оқушыларымен «Ой, сезім, мінез-құлық» тренингі, «Сау адам өкпелемейді», «Өзін басқару» атты түзету сабақтары өткізілді.


Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында арнайы түзілген жоспар бойынша 7-11 сынып аралығындағы оқушылармен «Күйзеліске қалай қарсы тұруға болады?», «Ішкі күшті ояту», «Пікірталас ұрыс емес», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» «Мен өзімді мақтай аламын», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» атты түзету-дамыту сабақтары өткізілді.

Сәуір айында мұғалімдермен «Стресстен қалай арылуға болады?» атты тренингі өткізілді.

Жыл бойына 2 рет өткізілген ата-аналар жиналысында ата-аналармен «Балалармен жағымды қарым-қатынас орнату» жаттығуы және бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына балалардың білім сапасын көтеруде ақыл-ой процесін дамытатын жаттығулар ұсынылды.







2022-2023 оқу жылында тіркеуге алынған 2 оқушымен жеке жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Бұл оқушыларға арналған жылдық жоспар құрылып, олармен әр айда 2 рет сауықтыру тренингтері, психологиялық жаттығулар мен дамыту ойын сабақтары өткізіліп, тесттер мен сауалнамалар алынып отырды. Жыл соңында есептен шығарылды.

III. Ағартушылық-профилактикалық бағыт бойынша

Қыркүйек айында 8-10 сынып оқушыларына «Аутодеструктивті мінез-құлық» атты баяндама оқылды.

5-сынып оқушыларына «Орта буынға бейімделу жолдары» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Сынып жетекшілермен «Қарым-қатынастағы кикілжіңнің алдын алу» атты тақырыпта әңгіме жүргізілді.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» атты тақырыпта 9-сынып оқушыларымен пікірсайыс өткізілді.

4-сынып оқушыларымен «Балалар арасындағы қаңғыбастық, оның зияны» атты тақырыпта әңгіме жүргізілді.

8-9 сынып оқушыларымен «Біз діни экстремизмге қарсымыз» атты баяндамасы оқылып, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

9,11 – сынып оқушыларымен емтиханға және ҰБТ –ге психологиялық дайындық жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Токсан сайын ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жоспарлы түрде арнайы медициналық қызметкерлердің қатысуымен қыздар жиналысы өткізілді.

Әр айда 5-11 сынып оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторымен бірлескен «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу», «Аутоагрессияның алдын алу жолдары», «Кибербуллинг» атты тақырыпта ағарту жұмыстары жүргізілді.

IV. Консультациялық бағыт бойынша әр сынып жетекшілеріне «Бестерек» жобасы аясында алынған эсселермен таныстырылып, негативті

Тоқсан сайын ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жоспарлы түрде арнайы медициналық қызметкерлердің қатысуымен қыздар жиналысы өткізілді. Әр айда 5-11 сынып оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторымен бірлескен «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу», «Аутоагрессияның алдын алу жолдары», «Кибербуллинг» атты тақырыпта ағарту жұмыстары жүргізілді.

IV. Консультациялық бағыт.

Консультациялық бағыт бойынша әр сынып жетекшілеріне «Бестерею» жобасы аясында алынған эсселермен таныстырылып, негативті көзқарастағы әр оқушымен тәрбие сағаттарында қосымша жұмыстар жүргізуге кеңес берілді.

5- сыныпқа бейімделе алмай жүрген оқушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп және «6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алатын орны» туралы ата-аналарға кеңес берілді. Сабақ барысында кездесетін қиындықтарды анықтап, психологиялық көмек көрсету мақсатында жас мамандардың сабақтарына қатысып, әңгіме-сұхбат жүргізіліп, бағыт-бағдар көрсетілді. Тіркеуге алынған 2 оқушыға тұрақты кеңес беріліп отырды.

Спорт, пән бойынша олимпиадаларға қатысатын оқушыларға психологиялық көмек көрсетіліп отырды.

V. Әдістемелік-ұйымдастырушылық бағыт .

Әдістемелік –ұйымдастырушылық бағыт бойынша мектепте «Бестерею» бойынша тәрбие одағымен бірлескен жұмыстар атқарылды. Әскери комиссариатқа шақырылған 5 оқушымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ерекше назардағы балалардың ата-аналарымен кездесу өткізіліп, бағыт-бағдар берілді. Аудандық білім бөлімінің 20.03.2013 жылғы №251 бұйрығына сәйкес мектебіміздің 29.03.2013 жылғы №26 бұйрығы негізінде ішкі күйзеліске, өмірдің қиын жағдайына, зорлық-зомбылыққа душар болған, зәбір көрген жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының мәселерін шешу, психологиялық көмек көрсету мақсатында «Сенім жәшігі» орнатылып, комиссия мүшелері сайланды. Комиссия мүшелерінің қатысуымен «Сенім жәшігі» ашылып, әр айдың соңында есепке алынып отырды.

5-11 сынып оқушыларының арасында өзін-өзі басқару, туындайтын әртүрлі қиындықтарды жеңе білу, қиындықтардан шығу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Психологиялық Әл-Файзер» клубы құрылды.

Мектеп директоры

Мектеп психологы



Қ.Қаратаев

Н.Амирханова